	жалғастыру.(«Жүгір!»-балалар алаңда жүгіреді, «Отыр!»- отырады); жылдамдықты(бұйрықты тез орындау). Күнделікті белсенді қимыл әрекетті қалыптастыру. Еңбек іс - әрекеті Терезе алдындағы бақша (суару) Өз бетімен суару ережесін орындауды үйрету, топырақты қопсыту, су бүрку. Ұқыптылық пен еңбексүйгіштікті тәрбиелеу. Дидактикалық ойын. Тәжірибе мен сараптама. «Көктем ерекшеліктерін кім көп атайды?» Ерте түскен көктемнің ерекшеліктерін атай білуге үйрету. Сөздік қорын молайту. Тәжірибе. «Қай жердің қары тез ериді?» Табиғат құбылысының себеп - салдарын түсіндіру. Өзіндік іс - әрекет Ойын барысында бірігіп 2 - 3 рөлден тұратын ойындарды құрдастарымен бірігіп ойнау. Ойын әрекетін орындау.	барысында тепе-теңдікті сақтай білуге тәрбиелеу. Еңбек іс-әрекеті Аула маңын қоқыстан тазарту Ұжымда еңбектене білуді қалыптастыру, жұмысты жоспарлау, бақылауды іске асыру. Ұқыптылық пен белсенділікті тәрбиелеу. Дидактикалық ойын. Тәжірибе мен сараптама Тапсырма 1. « Қайық қайда жүзіп барады?» Жылғаға қағаздан жасалған қайықты жіберіп,оның қайда жүзетінін бақылау. Қорытынды. Су қайықты жүргізеді,жылғаның ағысына байланысты ағады. Тәжірибе. «Батады, батпайды» Түрлі материалдан жасалған заттардың қасиетін анықтау суда бататын, батпайтын; Сараптама арқылы балалардың бір қорытындыға келе білуін үйрету.Сөздік қорын молайту. Тапсырма 2. Шалшықтың суын қолымен ұстап көру. Қорытынды. Су өте салқын, себебі ауа да суық .Сондықтан өсімдік	нәтижесіне қанағаттана білу сезімін қалыптастыру. Еңбектенуге деген құштарлықты тәрбиелеу. Дидактикалық ойын.Тәжірибе мен сараптама. Тапсырма 1. «Шелекке қанша су жиналады?» Шелекті далаға бірнеше күнге қойып, төбеден аққан судың мөлшерін анықтау. Қорытынды. Су біртіндеп көбейеді,яғни,қар күннен-күнге тез ериді. Тәжірибе. Мұздақтардың астына шелек қойып, күн мол түсетін және күн түспейтін тұстарын бақылап, қай тұста шелек тез толды? Қорытынды. Жарық жақтарымен таныстыру. Мұздақтардың ұзару себебін түсіндіру. Тапсырма 2. Әртүрлі ауа райындағы тамшыны тыңдау. Қорытынды. Аязды және бұлтты күндері тамшылар жоқ. Өзіндік іс-әрекет. Балалардың ойын мазмұны мен тақырыбын жетілдіруді дамыту. Өз ойларын жүзеге асыру,яғни ойында рөлдерге бөлуде ойыншық пен міндеттерді бөлісуде құрдастарының ойына келіспеушілік білдіру.	Көк торғынға оранды Жақын тартты жырақтар Қимылды ойын «Өзенге, жағаға» (Эстон халық ойыны) Белгі бойынша қателеспей әрекет жасауды үйретуді жалғастыру (бастаушы бұйрық береді,бірақ өзі бөтен қимылдар жасайды). Өзенге секіру,жағаға секіру(жерде бір-біріне қарама-қарсы сызықтар). Ойын кезінде жаттығу жасауда күш пен жігерлікті дамыту. Еңбек әрекеті Балықтарға күтім жасау. (Қажеттілікпен жұмыс) Аквариумдағы судың тазалығын қадағалау.Ондағы шөптер мен судың жағдайын қарап, күтім жасау. Балықтарды күтуге деген ықыласты дамыту. Дидактикалық ойын. Тәжірибе және сараптама «Алдымен не содан соң ше?» Көктемде болатын құбылыстардың логикалық тізбегін бекітуді үйрету.(күн қызуын мол шашады,қар мен мұз ери бастайды т.с.с) Есте сақтау қабілетін дамыту,ізденімпаздыққа тәрбиелеу. Ерікті іс-әрекет	бекіту. Аулада ойын мәресінен финишқа дейін жүгіру.Кеңістікті бағдарлауды дамыту. Еңбек іс-әрекеті Өз қалауымен бірлескен еңбек әрекетіне қатыса білуге тәрбиелеу.Еңбек әрекетіне белсене қатысқан балаларды мадақтау. Дидактикалық ойын. Тәжірибе мен сараптама «Қар қандай,сипатта?» Көктемдегі қардың өзгерісін бекіту:борпылдақ,сұр,лас. Тәжірибе.Қарды күреу Өзіндік іс-әрекет Әр бала өз қалауы бойынша еріген қар бетіндегі қоқысты тазартады. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу ісәрекеті, еңбек іс-әрекеті)**

		қыстан кейін жаңа оянады,бірақ өспейді. Өзіндік іс-әрекет Ойын барысында балалардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауын қадағалау. Өзге балалардың жасаған қылықтарына баға бере білу.		Баланың даму негізінің жағымды сапасын жеке ұжымда қолданып іске асыру. Белсенді балалар өз құрдастарына,яғни ойын кезінде сылбыр балаларға қысым көрсетпей,ойынға араласып кетуіне қол ұшын бере білу.	
Балалардың үйге қайтуы	«Бала қауіпсіздігі басты назарда» ата-аналармен кеңестер жүргізу	Балабақшаға кешікпей келулерін ескерту.	Көктемдегі табиғаты туралы әңгімелеп беру	Баласымен бірлесе отырып «Көрікті көктем» атты көрме дайындап әкелу.	Балаларың балабақшаға таза келулерин ескерту.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: : ЖШС «ІНЖУ-НАЗ» балабақшасы

Топ: «Ботақан» мектепалды тобы

Балалардың жасы- **5 жастағы балалар**

Жоспардың құрылу кезеңі: 13.04-17.04.2026 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. «Көңіл-күйіңді көрсет» ойын жаттығуы - балалардың оң мінез-құлық қабілеттерін қалыптастыру. **Адал азамат** **Д/О «Сиқырлы дүрбі»** **Ойынның мақсаты:** топтың әр мүшесінің жақсы жақтарын көре білу қабілетін қалыптастыру **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** **Д/О «Би әлемі»** **Мақсаты:** Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау (**музыка**)	Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. **Адал азамат** **Д/О «Дос болайық бәріміз»** **Ойынның мақсаты:** ұжымда бірлікті қалыптастыру**. (Қарым-қатынас іс-әрекеті)** **Д/О «Аспаптар»** **Мақсаты:** Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.(**музыка**)	Шармен , көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. **Адал азамат.** **Д/О «Паровоз»** **Ойынның мақсаты:** ұжымда үйлесімділікті, бірлікті қалыптастыру **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** **Д/О «Аспаптар»** **Мақсаты:** Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. (**музыка**)	Қонаққа келген қоянның ойыншығымен қарсы алу Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. **Адал азамат** **Д/О «Түрлі - түсті гүлдер»** **Ойынның мақсаты:** дұрыс таңдау жасай білуді, құрдастарымен ынтымақтастықта жұмыс жасау қабілеттерін дамыту. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** **Д/О «Аспаптар»** **Мақсаты:** Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.(**музыка**)	Достар әнімен қарсы алу Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. **Адал азамат** **Д/О «Адал достар»** **Ойынның мақсаты:** ұжымда достық қарым-қатынасты қалыптастыру **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** **Д/О «Кім тапқыр»** **Мақсаты:** шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру. (**музыка**)
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата –аналарға кеңес.Баланы қоршаған әлемді танып білуге дағдылаңыз. . Ата-аналармен жеке әңгімелесу. балабақшаның күн тәртібін сақтаудың маңыздылығын еске түсіріңіз.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау	**Әңгімелесу.** **Көрісу.** Қазақ салты бойынша сағынысып кездескен адамдар бір-бірімен құшақтасып амандасады, кісі қайтыс	**«Арқан тарту»** **Мақсаты:** Балаларды топтасып жұмыс істеп, бір-біріне көмектесуге үйретеді.	**Әңгімелесу.** **Қонаққәде айту.** Үй иесі қонағына «Қонақ кәде айта отырыңыз», – деп қолқа салатын болған. Ол – өлең айтыңыз, күй тартыңыз,	**« Дарын.»** **Мақсаты:** жастардың денесін шынықтыруға, ұстамдылыққа, күштілікке тәрбиелейді.	**Әңгімелесу.** **Сүйінші сұрау.** Өте қуанышты хабарды жеткізуші адам ол үйге «Сүйінші, сүйінші!», – деп кіреді. Бұл сөз

және тағы басқа әрекеттер)	болғанында құшақтасып жыласады, қыз ұзатылғанда да қимастықпен қоштасып, жылайды. Мұны көрісу деп атайды. **(Адал азамат)** **Тақырыбы: «Кілемдер дүкені» ойыны** **Мақсаты:** Қабылдауды дамыту, геометриялық фигуралармен танысу. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)**	**Шарты:** Ойыншылар екі топқа бөлінеді. Ортасында арқан алынады. Тәрбиешінің дабыл бойынша әр топ өз жағына арқанды тартады. Белгіленген сызықтан арқанды тартып алған топ жеңеді. **(Адал азамат)** **Тақырыбы: «Ретін есіңе сақта» ойыны** **Мақсаты.** Зейінді дамыту. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)**	өнер көрсетіңіз, деген тілек, қонақтың өнерін, қабілетін сынау, көңілді отыру. Сол себепті қазақтар баласын жастайынан ән айту, күй тарту тәрізді өнерге баулыған. Өйткені қонаққәде айта алмай қалу – ыңғайсыз жағдай. **(Адал азамат)** **Тақырыбы: «Түсінбестік» ойыны** **Мақсаты.** Зейінді, еріктік есті дамыту. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)**	**Барысы:** Ойын тәртібі: жиналған балалардың ішінен екеуі шығып, басқаларды екіге бөледі де, әрқайсысы өз тобын басқарады. Басқарушылар екі топты бір-біріне қарама-қарсы 3-4 метр қашықтыққа қаз-қатар тұрғызады. **(Адал азамат)** **Тақырыбы: «Мұқият бол!» ойыны** **Мақсаты.** Зейін тұрақтылығын дамыту **(Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)**	тосынан естілсе де үй ішіндегілерді шошындырмай, қайта қуантады. Сол кезде үй иесі: «Қалағаныңызды алыңыз» дейді немесе ол риза болатындай бір жақсы сыйлық береді. Сүйінші алудың сөкеттігі жоқ. **(Адал азамат)** **Тақырыбы: «Болады – болмайды»** **Мақсаты.** Қиялды дамыту**. (Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)**
Таңертенгі жаттығу	**Таңертеңгі жаттығу кешені (құралмен)** .қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою. .Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). .Допты жоғарыдан (алға және артқа) бірбіріне беру. .Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бүгу және тік көтеру .Қолдарын айқастырып желкеге қою, қолды жазып, екі жаққа созу. .артқы жағынан қолды айқастырып көтеру; .қолды жоғары көтеріп, жан-жаққа бұрылу. гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет). .қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр). .аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); 0. аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту. **Дене тәрбиесі**				
Таңғы ас	Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану туралы түсініктерді кеңейту. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру				

Ұйымдастырылған іс әрекетке дайындық	**Д/о: "үкілер мен қарғалар"** Мақсаты: балалардың қоршаған әлем туралы түсініктерін тексеру және бекіту. Ойын барысы: Балаларды екі командаға бөлу керек: "үкі" және "қарға". Екеуі бір-біріне қарама-қарсы қатарда 3 метр қашықтықта, үйінің артында, сонымен қатар 3 метр қашықтықта тұрады. **(экологиялық тәрбие)** **Зерттеу жұмысы** **« Өлкемізге көктем келді »** **Мақсаты:** Балалардың көктем мезгіліндегі табиғат өзгерістері туралы білімдерін дамыту. Көктем өзімен бірге тамаша мерекелерді ала келетіні туралы айтып түсіндіру. Алғашқы көктем күндерінің ерекшеліктерін (ауа райының өзгеруі , өсімдіктер, табиғат бұрышына егілген бидай, сұлы, пиязды бақылау) **(Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**	**Д/о: "өз ағашыңды тап"** мақсаты: қоршаған ортаны білуге, онымен тікелей қарым-қатынас жасау тәжірибесін пайдалануға мүмкіндік беру (табиғатта жүзеге асырылады). Ойын барысы: Тәрбиеші бір баланың көзін байлап, айналасына бірнеше рет айналдырып, әлдебір ағашқа апарады. Бала бұл ағашты сезіну арқылы зерттеуі керек. Оқу барысында тәрбиеші жетекші сұрақтар қояды **(экологиялық тәрбие)** **Зерттеу жұмысы** **Сиқырлы айна немесе 1? 3? 5?** **90**астам бұрышпен екі айнаналарды қойыңыз. Бұрышқа бір алманы қойыңыз. Мұнда басталады, бірақ нағыз керемет басталады былай. Алма үшеу болды. Ал егер де айна арасындағы бұрышты біртіндеп азайта берсе, онда алма саны көбейеді. Басқаша айтқанда айналардың бұрыштары жақындаған сайын көп заттар көріне бастайды. **(Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**	**Д/о: "менің кім екенімді тап".** Мақсаты: балалардың шығармашылық, еліктеу қабілеттерін дамыту. Ойын барысы: Тәрбиеші бір баланы таңдап, оның құлағына жануардың атын айтады және оны басқа балалар оның кім екенін болжайтындай етіп бейнелеуді ұсынады, бірақ жүргізуші дыбыс шығармауы керек. Басқа нұсқаны қолдануға болады, мұнда балалар тобы жануарлар әлемінің өкілін бейнелейді, ал жүргізуші бала кімнің кім екенін болжауы керек. **(экологиялық тәрбие)** **Зерттеу жұмысы** Электр зарядтары туралы тұжырымдама Шағын ауа шарын үрлеңіз. Осы шарды жүнге немесе теріге одан жақсысы өзіңіздің шаштарыңызға ұқалаңыз, осы кезде сіз шар бөлмедегі бүкіл заттарға жабыса бастағанын көресіз **(Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**	**Д/о: "араластырыңыз және байланыстырыңыз"** Мақсаты: балаларды табиғи нысандардың ұсақ бөлшектерін байқауға үйрету, бақылау дағдыларын дамыту. Ойын барысы: Тәрбиеші барлық балаларға аттас табиғи нысандарды (мысалы, үйеңкі жапырақтары) таратады. балалар оларды жақсылап қарап, содан кейін үстел сияқты бір жерге жинауы керек. Тәрбиеші жапырақтарды араластырып, үстелге бір-бірлеп жайып, тапсырма береді: әрқайсысының өз парағын табыңыз. **(экологиялық тәрбие)** **Зерттеу жұмысы** **Билейтін фольга** Алюминді фольганы (шоколадтың немесе кәмпиттің жылтыр қабығын) өте ұзын және тар жолақтар қиыңыз. Тарақ сияқты шаш арқылы өткізіп, содан соң оны сегменттерге жақын әкеліңіз. Осы кезде жолақтар «билей» бастайды. Бұл дегеніміз олар бір-біріне оң және теріс электр зарядтарын таратады. **(Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**	**Д/о: " ғажайып дорба".** Мақсаты: балалардың тактильді сезімдерін, қиялдары мен қиялдарын дамыту. Материалдар мен жабдықтар: Бүйірлерінде екі тесігі бар сөмке, оған балалар қолдарын сала алады. Бұл қапқа сабақтың тақырыбына байланысты әр түрлі табиғи материалдар салынады. **(экологиялық тәрбие)** **Зерттеу жұмысы** **Ауа шарын оған зиянының тигізіп алмай қалай жаруға болады?** Егер де әуе түйіршікті тессек онда бала оның жарылатынын біледі. Түйіршіктің (шардың) екі жағына кішкене скотч жабыстырыңыз. Енді сіз шарды скотч арқылы оған ешқандай зиянын тигізбей жара аласыз **(Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған ісәрекет	**Сауат ашу** **Тақырыбы** Сөйлем **Мақсаты** : Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру. **Қазақ тілі** **Тақырыбы:** ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, ойлап табуға баулу. **Дене тәрбиесі** **Кеудеге арналған жаттығулар.** **Мақсаты:** Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бүгу және жазу, төмен түсіру. Екі аяқты айқастырып, отыру және тұру. Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бүгу және жазу, көтеру және түсіру. Қолына зат ұстап, шалқасынан жатып, қолды созу және осы қалыпта етпетінен бұрылып жату. **ЖДЖ:** Тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып), еденде отырған қалпында, таяныштан ұстап отырып аяқтың ұшымен тұру, алға, жанына, артқа қадам жасау.	**Сауат ашу** **Тақырыбы: Көктемгі гүл** **Мақсаты** : Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну **Математики негіздері** **Тақырыбы** Ғарышарағы ғажайыптр **Мақсаты**. Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту, қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу. **Тіл дамыту** **Тақырыбы:** Көктем келді өлкеме **Мақсаты** Интонациясы бойынша сөйлемдерді (, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту **Музыка** **Тақырыбы: «Сиқырлы ағаш» ойыны** **Мақсаты:** Әуеннің дыбыс биіктігін ажыратып, естіген әуенді нота сызықтарына орналастыруға үйрету. **Балаларды музыкамен қарсы алу.**	**Математика негіздері** **Тақырыбы** Пішіндер **Мақсаты** Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту, қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу. **Қазақ тілі** **Мақсаты** ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, ойлап табуға баулу **Дене тәрбиесі** **Көрк Аяққа арналған жаттығулар.** **Мақсаты:** Аяқтың бақайларымен жіпті жинау, құм салынған қапшықтарды өкшелермен қысып алып, бір орыннан екінші орынға қою. Өкшемен таяқтың, арқанның үстінен бір қырымен жүру. Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен орамалдарды, тағы басқа ұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру. **ЖДЖ:** Бұрылу (оңға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу, қолды шапалақтау; қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу, саусақтарын ашып жұму.	**Математика негіздері** **Тақырыбы Қайда тығылды көбелек** **Мақсаты**:. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. **Тіл дамыту** **Тақырыбы** Табиғат әлемі **Мақсаты** Интонациясы бойынша сөйлемдерді (, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту **Музыка** **Тақырыбы: «Соқыр теке»** **Мақсаты:**Үйренген ән, әуендерді есте сақтап, бекіту үшін қолданылады. Әртүрлі көңіл күйдегі әуендерді кіріспесінен немесе үзіндісінен табуға машықтандырады **Музыка залында балаларды көңілді музыкамен қарсы алу.** Балалар шеңбермен айналып жүріп, әннің 1 – ші шумағын айтады. 2 – шумақты «Соқыр теке» айтады. 2 – шумақ басталғанда балалар бекіткен қолдарын жоғары көтереді, ал сыртта тұрған балалар ішке еніп, «Соқыр текеге» ұстатпаймыз деп жан жаққа жүгіреді. «Соқыр теке» біреуді ұстап алуға	**Сауат ашу** **Тақырыбы** Жәндіктер Мақсаты. Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру. **Дене тәрбиесі** **Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.** **Мақсаты:** Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өзбетінше киіну мен шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. **ЖДЖ:** Тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып), еденде отырған қалпында, таяныштан ұстап отырып аяқтың ұшымен тұру, алға, жанына, артқа қадам жасау, аяқты алға, өкшеге қою. **Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:** 1. Алақан мен тізеге тіреле, тура бағытта еңбектеу.

	Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары: 1.Бірнеше доға астынан еңбектеу. 2. Допты қақпа арқылы домалатуды қайталау. **Ойын:** «Апандағы аю» ойынын ойнау. **Қорытынды:** «Денені еркін ұста» баяу әуен ырғағымен демалу. **Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** «Саябаққа саяхат» **Мақсаты:** Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну	**Ойын:**Балалардың әрқайсысына алма ағашының суреті және қиып алынған жеті алма үлестіріледі. Орындалған шығарманы тыңдап, сиқырлы ағаш бұтақтарына алмаларды дыбыс биіктігіне сәйкес орналастырады. Ағашта бейнеленген бұтақтар нота сызықтары, ал алмалар нота ретінде қолданылады. **Музыка тыңдау.** Ал енді сендер ән тыңдаңдар. «Балапан» әні. Дауыстарын салған балаларды мадақтау. **«Шөжелер»** биін таныс би қимылдарымен билету.	**Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:** 1. Бірқалыпты жүгіру, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен шеңбер бойынша, аяқтың ұшыменжүгіру. **Ойын:** «Маған қарай еңбекте» ойынын ойнау. **Қорытынды:** Тыныс алу жаттығуын орындау.**ем** **Қоршаған әлеммен таныстыру** **Тақырыбы:** Ғарышкерлер **Мақсаты**: Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаевті білу, оларды құрметтеу. Мемлекеттік мерекелердің (, Қазақстан халқының бірлігі мерекесі, Отан қорғаушы күні, Жеңіс күні, Астана күні) маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысу .	тырысады. Егер ұстап алса әннің 2 – ші шумағын айтады, ойын қайталанғанда ұсталған бала «Соқыр теке» болады. Егер ұстай алмаса «Соқыр теке» өзі болады. Соқыр теке, бақ, бақ Біз айтамыз тақпақ. Мықты болсаң қанекей, Бірімізді тап, тап. **Ән айту. «Тұлпарым»** **Қоршаған әлеммен таныстыру** **Тақырыбы** Жол белгілері **Мақсаты:** Велосипедке арналған жол , жол белгілерімен таныстыруды жалғастыру.	**Ойын:** «Қояным, қояным тұршы» ойынын ойнау. **Қорытынды:** «Бокс» тыныс алу жаттығуы **Көркем әдебиет** **Тақырыбы** Келе бер, көктем (Н. Мұқатов) **Мақсаты** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. **Тақырыбы** Жәндіктер **Сурет салу:** **Мақсаты**: бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру **Мүсіндеу:** **Мақсаты**, Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды мүсіндеу, оларға тән ерекшеліктерді беру **Жапсыру** **Мақсаты:** түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру**.** **Құратыру** **Мақсаты:** Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану

2- таңғы ас	Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану туралы түсініктерді кеңейту. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру				
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Жолдасына көмектесу, түймені дұрыс тағуды жетілдіру, серуендеу үшін ойын материалын таңдау, балалармен спорттық және ойын құралдары мен спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: қимылдар және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту.				
Серуен	Ағаштарға бақылау жасау Бақылау Балалармен бірге ауладағы ағашты қарау: ағаштың бүрлерінің астынан кішкентай жапырақ өскіндері өсіп келе жатқанын бақылау. Ағаштарды бүрлері мен бұтақтарына қарап айыра білуге үйрету. Терек пен аққайыңның бұтағын салыстыру(аққайыңның бұтағы жіңішке,иілгіш,қабығы қоңыр-қызыл,бүрі ұсақ, бұтақта бір-бірлеп орналасқан;терек бұтағы аққайыңға қарағанда жуан,қабығы сұрғылт-жасыл,бүрі ірі,ұзын, жабысқақ және хош иісті, бір-бірлеп өседі)Салыстыра білу қабілеті мен нақты белгілерін атай білуге үйрету.Табиғаттан алған әсерлерін қуанышты көңіл-күйлерін білдіре білу. Көркем сөз Мақал-мәтел Бір ағаш кессең,жүз ағаш отырғыз Болжам	.Аққайыңның шырын бөлген уақытын бақылау. Бақылау Балалардың назарын аққайыңға аудару. Көктем келісімен ағаштардың шырындық қозғалысы болатынын атап өту. Бұл процесс көкетмде еріген қардың суын тамыры арқылы жұтып, шырын бөліндісі содан пайда болатынын түсіндіру. Ол қыс бойғы өсімдіктердің тағамдық қорының еруінен пайда болатын ерітінді. Балалардың қызуғышылығы мен қабілетін дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншілігін ояту. Көркем сөз Өсіп тұрған бұл не? Жаз болса жайнап Саясына ән салып Құстар жүрген сайрап Болжам Көктемде аққайың шырын бөлсе, күннің жылы болуына байланысты. Егер шырын бөлінуі мол болса, жаз жаңбырлы болады. Тақпақ Көк орманда көп ағаш	Бақта өсетін ағаштардың гүлденуін бақылау. Бақылау Ағаштарды түсіне қарай қарау, жәндіктердің үймелеуін белгілеу, гүлдеген ағаштардың сұлулығын айыра білу,ағаштардың пайдасы жөнінде балалардың түсінігінде қалыптастыру. Эстетикалық талғам мен сезімді тәрбиелеу. Көркем сөз Мақал-мәтел Төлден мал өседі Шыбықтан тал өседі Болжам Мойыл ерте гүлдесе,ауа райының суықтығына. Шетен кеш гүлдесе,күз ұзақ болады. Тақпақ Қимылды ойын «Секіргіш бақалар» Керілген сымнан секіре білуді жалғастыру.(Тәрбиеші жіптің бір ұшын ұстап,жерге айналдыра дөңгелетеді,ал шеңберде тұрған балалар секіру керек).Балалардың физиологиялық	Жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті бақылау. Бақылау Балалармен жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті қарау.Күн көп түсетін жерде алғашқы шөптер қылтиып шыға бастайтынын бекіту.Күн қыза бастады,қар еріді,топырақ жылынды,көк шөп өсті, яғни балаларды осылай қорытынды жасай білуге үйрету.Табиғаттың оянуына байланысты балаларда көтеріңкі көңіл күйді ояту.Өсімдікті аялап,күте білуге үйрету Көркем сөз Жұмбақ «Айт!» десе жүгірмес Су тисе сілкінбес (шөп) Мақал-мәтел Адам жерге нәр береді Су көп болса,шөп бітік шығады. Жер адамға нан береді Болжам Сәуірдегі топан су,жаздағы қалың шөптің белгісі. Қимылды ойын «Көк шөптегі хоккей» Хоккей таяғымен допты домалата білуді бекіту,қақпаға соғу,бір	Бақбақтың өсуін бақылау Бақылау Бақбақтың құрылымы жайлы балалардың білімдерін бекіту. Өсімдіктің өсуі және өсу реті туралы түсініктерін нығайту. Бақбаққа және басқа өсімдіктерге ықыласпен қарауды тәрбиелеу. Байқампаздықты дамыту. Көркем сөз Жұмбақ Кіп-кішкентай қауғабас Шашы түссе дауламас (бақбақ) Болжам Егер бақ-бақ ерте гүлдесе,жаз қысқа болады. Тақпақ «Бақбақ», А.Оразақын Қимылды ойын «Гүлдер» Гүлдердің атауын пысықтау(ойыншылар өздеріне гүл атауын таңдап алады). Алаңда қозғалу біліктіліктері, белгіні сезіне білу(бастаушы басқа ойыншылармен алаң ішінде қозғалып жүреді,

	Аққайың ағашы жөке ағашынан бұрын бүр жарса, жаз құрғақ болады. Көктемде аққайыңның шырыны көп болса,жаз жаңбырлы болады. Тақпақ Отырғыз ағаш көктемде Жөн болар еңбек еткенің Келмесе шамаң еккенге Сындырма жұрттың еккенін Қимылды ойын «Ағаштан ағашқа» Алға жылжу арқылы қос аяқтап секіре білуді бекіту.(кімде-кім аз секірсе сол,жеңімпаз)ойын барысында ойынды әділ бағалауға үйрету. Ойын барысында жолдастарымен ақылдаса білуді дамыу Еңбек іс-әрекеті Бұтақты кесуден кейінгі қалдықты жинау. Еңбек нәтижесін көру,топқа бірнеше бұтақты жинап әкеп,келесі бақылауды ұйымдастыру. Дидактикалық ойын. Тәжірибе мен сараптама «Біздің үй қайсы,тап?» Сипаттау бойынша ағашты таба білуге үйрету. Өзіндік іс-әрекет Ойын барысында жұбымен бірге бірлесіп,ойын нәтижесін бөлісе білуге үйрету (**Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-**	Өскен жақсы аралас Ең әдемі меніңше Құс ұясы бар ағаш Қимылды ойын «Орман дақтары» Балалардың өз бетінше ойынды ұйымдастыра білуін дамыту.Ағашқа арқасын беріп тұрған, қос қолымен қымтап ұстаған баланы қозғауға болмайтынын,. ойынға деген қызығушылықты арттыру. Еңбек іс-әрекеті Ағаштың жан-жағын дөңгелетіп қопсыту. Еңбек барысында еңбекке тәрбиелеу. Жалпы пайда үшін еңбектенуге үйрету. Дидактикалық ойын.Тәжірибе мен сараптамалар Тапсырма. Шырын бөліп тұрған ағашты тауып, бақылау. Қорытынды Ағаш қабығының астынан мөлдір сұйық бөлінеді,дәмі тәтті,ауада тотығады,қызғылт түске енеді. Өзіндік іс-әрекет Бірлескен іс-әрекет барысында ереже мен тәртіп нормаларын белсенді қолдана білуге ынталандыру.	ұйымшылдық,төзімділік қасиеттерін дамыту. Еңбек іс-әрекеті Ағаш түбін әктеу. Ағаштың түптерін әктеу. Щетканы оң қолмен ұстап,жоғарыдан төменге қимылдар жасау.Берілген тапсырманы мұқият тыңдап,істі аяғына дейін жеткізу.Қиындық туа қалған жағдайда көмекке келу. Дидактикалық ойындар. Тәжірибе мен сараптама «Орманшы» Бірнеше ағаштың түр-тұлғасын, бөліктерін:діңі,жапырағы,жемісі мен дәні болатынын еске сақтау.Өз білгендерін сөзбен жеткізе білу. Өзіндік іс-әрекет Ойын барысында бір-бірімен қарым-қатынас жасап,өз ойларын ортаға салып,құрдастарының шешіміне келіспеушілік білдіре білу,рөлдерге бөлу,ойыншықты бөлісе білуге дағдыландыру. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу ісәрекеті, еңбек іс-әрекеті)**	орында тұрып кіргізу.Ойында достық көмекке келуді үйрету. Еңбек іс-әрекеті Ауладағы құраған шөпті жинау Тырнауышпен жұмыс істеуді жалғастыру (шөпті белгілі бір орынға жинау, зембілмен оны апару). Жолдастарымен бірлесіп жұмыс атқарып,ұжымдық еңбекке деген қызығушылықтарын тәрбиелеу. Дидактикалық ойындар. Тәжірибе мен сараптамалар Тапсырма. Аулада қыстан кейінгі шыққан шөп орнын тауып алу. Балаларды табиғатта болып жатқан өзгерістерді көре білуге үйрету.Сөздік-логикалық ойын дамыту,қойылған сұраққа жауап таба білуге дағдыландыру. Өзіндік іс-әрекет Балаларға өз беттерімен ойын тақырыбын таңдауды үйрету.Өз тәжірибесі негізінде бақылау барысынан алған жағымды тұстарды дамыту. Әр саладан алған білім көзін ойын кезінде көрсете білу. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу ісәрекеті, еңбек іс-әрекеті)**	бастаушы гүлді атайды, аты аталған гүл-ойыншы қолын көтеріп қашады);ойын тәртібін сақтау(жаңа гүлді атай алмаған ойыншы бастаушыны ауыстырады). Еңбек іс-әрекеті Гүлзарлардағы гүлдері бағып,күту. Гүлдерді дұрыс суару дағдыларын бекіту.(таңертең не кешке суару, күн қызбай тұрғанда асықпай біркелкі суару). Гүлдерге ықыласпен қарауды тәрбиелеу. Дидактикалық ойындар. Тәжірибе және сараптама, «Тұқымның саяхаты» Өсімдіктің өсуіне қажетті шарттарды бекіту. (тұқым-су,топырақ,жылы,сабақ, жапырақтар,гүл,гүлдің тұқымы пісіп жетілуде тұқымды жел ұшырады.) Тәжірибе. Бақ-баққа «парашют» не үшін керек? Гүлдің құрылымы мен таралуы арасындағы байланыс. Қорытынды. Тұқымдар өте кішкентай,жел «парашюттерге» алысқа ұшуға көмектеседі. Өз бетімен іс-әрекет

	әрекет, зерттеу ісәрекеті, еңбек іс-әрекеті)	**(Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу ісәрекеті, еңбек іс-әрекеті)**			Ойыншының тақырыбын балалар алдын ала талқылап, рөлдерді бөліп, 3-4 адамнан тұратын бастапқы заттық кеңістіктегі қозғалысты ұйымдастыру. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу ісәрекеті, еңбек іс-әрекеті)**
Серуеннен оралу	Балалар реттілігімен шешінеді. Мәдени-гигиеналық шараларды орындайды. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.				
Түскі ас	Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану туралы түсініктерді кеңейту. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру Бір құдайым оңдасын, Оң жолыңа бастасын! Үйіңді түрлі апаттан, Құса-қайғыдан сақтасын! Үміт артқан ұл қызың, Ел сенімін ақтасын! Аумин! **(қазақ тілі)**				
Күндізгі ұйқы	Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: ұйқы және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту. Музыкалық киіз үйден бесік жырын тыңдату				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	өзіне – өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын бекіту, тез киіну (шешіну), жолдасына көмектесу, киімдерін ұқыпты жинау дағдыларын бекіту. мінезқұлық ережелерін, мәдени мінез құлық және сыпайы қарым қатынас негіздерін дамыту. шынықтыру шараларының маңыздылығын және қажеттілігін түсіндіру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.				
Бесін ас	Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану туралы түсініктерді кеңейту. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Д/О: **Біз – құтқарушылармыз** **Ойын барысы**: Тәрбиеші қауіпті жағдайдың суреті бар суретті үстелге қояды, бала оны қарап шығады және іс-әрекеттер бейнеленген барлық карточкалардың ішінен екі дұрысын таңдап, ретімен орналастырады.	Д/О: **«Бағдаршам не дейді?»** **Ойынның жүрісі:** Тәрбиеші бағдаршам макетін ұсынып оның көздері не деп тұрғанын, қандай белгі беріп тұрғанын сұрай отырып, сол белгіге сай қимыл әрекеттер жасауын қадағалайды.	**Д/О: Кім артық.** **Ойын барысы** Тәрбиеші балаларды терілген кенептегі суреттерді қарап шығуға, бірқатар жабайы жануарлардың артығын табуға және сол немесе басқа заттың неге артық екенін түсіндіруге шақырады.	Д/О: **«Қауіпті заттар»** **Ойынның жүрісі:** Тәрбиеші балаларға бірнеше суреттердің ішінен қауіпті заттарды табуды ұсынады және оның қандай қауіп әкелетінін сұрайды. **(Қауіпсіздік дағды)** **Көбелектер (ұжымдық жұмыс)**	**Кім қалай айқайлайды.** **Ойын барысы** Тәрбиеші балаларға кезек-кезек құстар салынған карточкаларды көрсетеді, балалар оларды дауыстап айтады, содан кейін оларды атайды. **(Қауіпсіздік дағды)** **Еңбекқор ара**

	(Қауіпсіздік дағды) **Гүлдеп тұрған шие ағашы** **Мақсаты:** Гүлдеп тұрған шие ағашының суретін түрту тәсілін қолдана отырып салуға үйрету. Сурет салудың дәстүрлі, дәстүрден тыс әдіс-тәсілдерін пайдалануға көңіл бөлдіру. (**шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекет**)	**(Қауіпсіздік дағды)** **Көктемнің алғашқы гүлі бәйшешек** **Мақсаты:** Воск қарындашымен сурет салуды жетілдіру. Бәйшешек гүлінің өзіндік ерекшелігін бере білуге үйрету. Түс туралы түсініктерін жетілдіру (**шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекет**)	Мысалы: "Артық мысық, өйткені ол үй жануары". **(Қауіпсіздік дағды)** **Анамның портреті** **Мақсаты:** Портретпен таныстыруды жалғастыру. Сурет салудың түрлі тәсілдерін қолдану арқылы адамның бет-бейнесін бере білуге үйрету (**шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекет**)	**Мақсаты:** Гупканы гуашқа батырып трафаретпен көбелектің суретін салу. Ұжымда жұмыс істеуге тәрбиелеу. Шығармашылық қабілетін жетілдіру. Сурет салудың дәстүрлі,дәстүрден тыс әдіс-тәсілдерін пайдалануға көңіл бөлдіру. (**шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекет**)	**Мақсаты:** Воск қарындашы мен акварель бояуын қолданып мазмұнды сурет салуға үйрету. Сурет салу іскерлігін жетілдіру (**шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекет**)
Балалармен жеке жұмыс	**Дидактикалық ойын. "Кейіпкердің сөздерін жалғастыр".** Міндеті. Балаларды белгілі ертегінің кез келген кейіпкерінің айтқан сөздерін ары қарай жалғастыруға ынталандыру; байланыстыра сөйлеу мәдениетін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорды байыту; ертегілер әлеміне тұрақты қызығушылықты арттыру; халық ауыз әдебиеті үлгілеріне сүйіспеншілік сезіміне тәрбиелеу. Құралдар. Түрлі ертегілер бойынша белгілі сюжеттер салынған суреттер. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**	**Дамытушы ойын. "Суретшінің қатесін тап".** Міндеті. Заттар, жан-жануарлар, құбылыстар жөніндегі балалардың ұғымдарын пысықтау; табиғатына сәйкес емес белгілерді байқап, құрылымында немесе сипатында не дұрыс еместігін атауға жаттықтыру; қоршаған әлем заңдылықтарына деген қызығушылықты арттыру, зияткерлікке тәрбиелеу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** ЕРЖАН ЗЕЙІН	**Сюжетті-рөлдік ойын. "Туған күн".** Міндеті. Балалардан "туған күн" ұғымын қалайша түсінетіндерін рөлдік ойын барысында анықтау; отбасыда туған күнді атау дәстүрі жайындағы білімдерін кеңейту; жақынына деген сүйіспеншілікке, достыққа тәрбиелеу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** ЕРЖАН ЗЕЙІН	**Дидактикалық ойын. "Тергеушілер".** Міндеті. Балалардың ойлау, елестету қабілеттерін дамыту. Шарты. Педагог балаларға әртүрлі заттарды кезекпен көрсетіп жатады. Балалар заттың кімге және не үшін қажетін екенін түсіндіреді. Ойынның тағы бір нұсқасы: қалаған бала түрлі заттар жатқан қораптан белгілі затты өздігінен алып, оған сипаттама береді. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** ЕРБОЛҚЫЗЫ ТОМИРИС	**Сюжетті-рөлдік ойын. "Отбасы".** Міндеті. Отбасы мүшелері жөнінде балалардың ұғымдардын нығайту; отбасы мүшелерінің әрқайсының рөлі туралы ойларын пысықтау; үлкенге құрмет, жақынына деген сүйіспеншілік сезімдеріне тәрбиелеу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** ҚАЙЫРҒАЗЫ ӘМІРЕ

	ЕРБОЛҚЫЗЫ ТОМИРИС				
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Жолдасына көмектесу, түймені дұрыс тағуды жетілдіру, серуендеу үшін ойын материалын таңдау, балалармен спорттық және ойын құралдары мен спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: қимылдар және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту.				
Серуен	Ағаштарға бақылау жасау Бақылау Балалармен бірге ауладағы ағашты қарау: ағаштың бүрлерінің астынан кішкентай жапырақ өскіндері өсіп келе жатқанын бақылау. Ағаштарды бүрлері мен бұтақтарына қарап айыра білуге үйрету. Терек пен аққайыңның бұтағын салыстыру(аққайыңның бұтағы жіңішке,иілгіш,қабығы қоңыр-қызыл,бүрі ұсақ, бұтақта бір-бірлеп орналасқан;терек бұтағы аққайыңға қарағанда жуан,қабығы сұрғылт-жасыл,бүрі ірі,ұзын, жабысқақ және хош иісті, бір-бірлеп өседі)Салыстыра білу қабілеті мен нақты белгілерін атай білуге үйрету.Табиғаттан алған әсерлерін қуанышты көңіл-күйлерін білдіре білу. Көркем сөз Мақал-мәтел	.Аққайыңның шырын бөлген уақытын бақылау. Бақылау Балалардың назарын аққайыңға аудару. Көктем келісімен ағаштардың шырындық қозғалысы болатынын атап өту. Бұл процесс көкетмде еріген қардың суын тамыры арқылы жұтып, шырын бөліндісі содан пайда болатынын түсіндіру. Ол қыс бойғы өсімдіктердің тағамдық қорының еруінен пайда болатын ерітінді. Балалардың қызуғышылығы мен қабілетін дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншілігін ояту. Көркем сөз Өсіп тұрған бұл не? Жаз болса жайнап Саясына ән салып Құстар жүрген сайрап Болжам Көктемде аққайың шырын бөлсе, күннің жылы болуына байланысты. Егер	Бақта өсетін ағаштардың гүлденуін бақылау. Бақылау Ағаштарды түсіне қарай қарау, жәндіктердің үймелеуін белгілеу, гүлдеген ағаштардың сұлулығын айыра білу,ағаштардың пайдасы жөнінде балалардың түсінігінде қалыптастыру. Эстетикалық талғам мен сезімді тәрбиелеу. Көркем сөз Мақал-мәтел Төлден мал өседі Шыбықтан тал өседі Болжам Мойыл ерте гүлдесе,ауа райының суықтығына. Шетен кеш гүлдесе,күз ұзақ болады. Тақпақ Қимылды ойын «Секіргіш бақалар» Керілген сымнан секіре білуді жалғастыру.(Тәрбиеші жіптің бір ұшын ұстап,жерге айналдыра дөңгелетеді,ал шеңберде	Жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті бақылау. Бақылау Балалармен жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті қарау.Күн көп түсетін жерде алғашқы шөптер қылтиып шыға бастайтынын бекіту.Күн қыза бастады,қар еріді,топырақ жылынды,көк шөп өсті, яғни балаларды осылай қорытынды жасай білуге үйрету.Табиғаттың оянуына байланысты балаларда көтеріңкі көңіл күйді ояту.Өсімдікті аялап,күте білуге үйрету Көркем сөз Жұмбақ «Айт!» десе жүгірмес Су тисе сілкінбес (шөп) Мақал-мәтел Адам жерге нәр береді Су көп болса,шөп бітік шығады. Жер адамға нан береді Болжам Сәуірдегі топан су,жаздағы қалың шөптің белгісі. Қимылды ойын «Көк шөптегі хоккей»	Бақбақтың өсуін бақылау Бақылау Бақбақтың құрылымы жайлы балалардың білімдерін бекіту. Өсімдіктің өсуі және өсу реті туралы түсініктерін нығайту. Бақбаққа және басқа өсімдіктерге ықыласпен қарауды тәрбиелеу. Байқампаздықты дамыту. Көркем сөз Жұмбақ Кіп-кішкентай қауғабас Шашы түссе дауламас (бақбақ) Болжам Егер бақ-бақ ерте гүлдесе,жаз қысқа болады. Тақпақ «Бақбақ», А.Оразақын Қимылды ойын «Гүлдер» Гүлдердің атауын пысықтау(ойыншылар өздеріне гүл атауын таңдап алады). Алаңда қозғалу біліктіліктері, белгіні сезіне

	Бір ағаш кессең,жүз ағаш отырғыз Болжам Аққайың ағашы жөке ағашынан бұрын бүр жарса, жаз құрғақ болады. Көктемде аққайыңның шырыны көп болса,жаз жаңбырлы болады. Тақпақ Отырғыз ағаш көктемде Жөн болар еңбек еткенің Келмесе шамаң еккенге Сындырма жұрттың еккенін Қимылды ойын «Ағаштан ағашқа» Алға жылжу арқылы қос аяқтап секіре білуді бекіту.(кімде-кім аз секірсе сол,жеңімпаз)ойын барысында ойынды әділ бағалауға үйрету. Ойын барысында жолдастарымен ақылдаса білуді дамыу Еңбек іс-әрекеті Бұтақты кесуден кейінгі қалдықты жинау. Еңбек нәтижесін көру,топқа бірнеше бұтақты жинап әкеп,келесі бақылауды ұйымдастыру. Дидактикалық ойын. Тәжірибе мен сараптама «Біздің үй қайсы,тап?» Сипаттау бойынша ағашты таба білуге үйрету. Өзіндік іс-әрекет Ойын барысында жұбымен бірге бірлесіп,ойын	шырын бөлінуі мол болса, жаз жаңбырлы болады. Тақпақ Көк орманда көп ағаш Өскен жақсы аралас Ең әдемі меніңше Құс ұясы бар ағаш Қимылды ойын «Орман дақтары» Балалардың өз бетінше ойынды ұйымдастыра білуін дамыту.Ағашқа арқасын беріп тұрған, қос қолымен қымтап ұстаған баланы қозғауға болмайтынын,. ойынға деген қызығушылықты арттыру. Еңбек іс-әрекеті Ағаштың жан-жағын дөңгелетіп қопсыту. Еңбек барысында еңбекке тәрбиелеу. Жалпы пайда үшін еңбектенуге үйрету. Дидактикалық ойын.Тәжірибе мен сараптамалар Тапсырма. Шырын бөліп тұрған ағашты тауып, бақылау. Қорытынды Ағаш қабығының астынан мөлдір сұйық бөлінеді,дәмі тәтті,ауада тотығады,қызғылт түске енеді. Өзіндік іс-әрекет Бірлескен іс-әрекет барысында ереже мен тәртіп нормаларын	тұрған балалар секіру керек).Балалардың физиологиялық ұйымшылдық,төзімділік қасиеттерін дамыту. Еңбек іс-әрекеті Ағаш түбін әктеу. Ағаштың түптерін әктеу. Щетканы оң қолмен ұстап,жоғарыдан төменге қимылдар жасау.Берілген тапсырманы мұқият тыңдап,істі аяғына дейін жеткізу.Қиындық туа қалған жағдайда көмекке келу. Дидактикалық ойындар. Тәжірибе мен сараптама «Орманшы» Бірнеше ағаштың түр-тұлғасын, бөліктерін:діңі,жапырағы,жемісі мен дәні болатынын еске сақтау.Өз білгендерін сөзбен жеткізе білу. Өзіндік іс-әрекет Ойын барысында бір-бірімен қарым-қатынас жасап,өз ойларын ортаға салып,құрдастарының шешіміне келіспеушілік білдіре білу,рөлдерге бөлу,ойыншықты бөлісе білуге дағдыландыру.	Хоккей таяғымен допты домалата білуді бекіту,қақпаға соғу,бір орында тұрып кіргізу.Ойында достық көмекке келуді үйрету. Еңбек іс-әрекеті Ауладағы қураған шөпті жинау Тырнауышпен жұмыс істеуді жалғастыру (шөпті белгілі бір орынға жинау, зембілмен оны апару). Жолдастарымен бірлесіп жұмыс атқарып,ұжымдық еңбекке деген қызығушылықтарын тәрбиелеу. Дидактикалық ойындар. Тәжірибе мен сараптамалар Тапсырма. Аулада қыстан кейінгі шыққан шөп орнын тауып алу. Балаларды табиғатта болып жатқан өзгерістерді көре білуге үйрету.Сөздік-логикалық ойын дамыту,қойылған сұраққа жауап таба білуге дағдыландыру. Өзіндік іс-әрекет Балаларға өз беттерімен ойын тақырыбын таңдауды үйрету.Өз тәжірибесі негізінде бақылау барысынан алған жағымды тұстарды дамыту. Әр саладан алған білім көзін ойын кезінде көрсете білу.	білу(бастаушы басқа ойыншылармен алаң ішінде қозғалып жүреді, бастаушы гүлді атайды, аты аталған гүл-ойыншы қолын көтеріп қашады);ойын тәртібін сақтау(жаңа гүлді атай алмаған ойыншы бастаушыны ауыстырады). Еңбек іс-әрекеті Гүлзарлардағы гүлдері бағып,күту. Гүлдерді дұрыс суару дағдыларын бекіту.(таңертең не кешке суару, күн қызбай тұрғанда асықпай біркелкі суару). Гүлдерге ықыласпен қарауды тәрбиелеу. Дидактикалық ойындар.Тәжірибе және сараптама, «Тұқымның саяхаты» Өсімдіктің өсуіне қажетті шарттарды бекіту. (тұқым-су,топырақ,жылы,сабақ,жапырақтар,гүл,гүлдің тұқымы пісіп жетілуде тұқымды жел ұшырады.) Тәжірибе. Бақ-баққа «парашют» не үшін керек? Гүлдің құрылымы мен таралуы арасындағы байланыс. Қорытынды. Тұқымдар өте кішкентай,жел

	нәтижесін бөлісе білуге үйрету.	белсенді қолдана білуге ынталандыру.			«парашюттерге» алысқа ұшуға көмектеседі. Өз бетімен іс-әрекет Ойыншының тақырыбын балалар алдын ала талқылап, рөлдерді бөліп, 3-4 адамнан тұратын бастапқы заттық кеңістіктегі қозғалысты ұйымдастыру
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналармен балабақша күн тәртібі туралы әңгімелесу	«Бүгін біз не үйрендік?» ата-аналармен сұхбат жүргізу	«Бала қауіпсіздігі басты назарда» ата аналармен кеңестер жүргізу	Ата-аналардан сауалнама алу	«Менің балабақшам, менің мақтанышым» тақырыбында ата-аналарға көрме ұйымдастыру

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: : ЖШС «ІНЖУ-НАЗ» балабақшасы

Топ: «Ботақан» мектепалды тобы

Балалардың жасы- **5 жастағы балалар**

Жоспардың құрылу кезеңі: 20.04-24.04.2026 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	**Д/О «Адал досқа арналған ашық хат»** **Ойынның мақсаты:** достық қарым-қатынасты қалыптастыру **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** **Мақсаты:** Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру (**музыка**)	**Д/О «Кememен қыдыруға барамыз»** **Мақсаты:** балаларды ойындағы рөлдерді бөлісу кезінде жанжалдан аулақ болуға баулу**. (Қарым-қатынас іс-әрекеті)** **Мақсаты:** Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру. (**музыка**)	**Д/О «Мейірімділік туралы ойлайық»** **Ойынның мақсаты:** ұжымда тілектестік қарым-қатынасқа тәрбиелеу**. (Қарым-қатынас іс-әрекеті)** **Мақсаты:** Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу. (**музыка**)	**Д/О «Мейірімді адамдар»** **Ойынның мақсаты:** «мейірімді адамдар» туралы түсінік қалыптастыру, зейін, есте сақтау процестерін дамыту **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** **Мақсаты:** музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу (**музыка**)	**Д/О «Мейірімділік ағашы»** **Ойынның мақсаты:** «игі істер» туралы түсінік қалыптастыру, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** **Мақсаты:** Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; (**музыка**)

Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата –аналарға кеңес.Баланы қоршаған әлемді танып білуге дағдылаңыз. . Ата-аналармен жеке әңгімелесу. балабақшаның күн тәртібін сақтаудың маңыздылығын еске түсіріңіз.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**«Қуыр-қуыр, қуырмаш»** Міндеті: Баланың эмоционалдық байланысын нығайту, сенсорлық қабілетін дамыту.Ойын барысы: Баланың алақанын өз алақаныңызбен сипай отырып, "Қуыр-қуыр, қуырмаш" өлеңін айтасыз. **(Адал азамат)** **Тақырыбы: «Сөйлемді аяқта» ойыны** **Мақсаты. Ой**лауды дамыту. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)**	Тас қала ойыны.Бұл ойында асықтарды белгілі бір биіктікке қалап, алыстан атып түсіру қажет. Кім асықты көп құлатса, сол жеңеді. **(Адал азамат)** **Тақырыбы: «Түстерді ажырата біл» ойыны** Мақсаты. Қабылдауды, түстерді танып білу қабілетін дамыту. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)**	**«Оюларды таны»** Міндеті: Баланың түстерді ажырату қабілетін дамыту Ойын барысы: Түрлі-түсті ою-өрнектерді немесе заттарды көрсетіп, олардың түсін атауды сұраңыз. Мысалы: "Бұл қызыл ою. Бұл сары ою." **(Адал азамат)** **Тақырыбы:**«Бір сөзбен ата» жаттығуы **Мақсаты.** Ойлауды дамыту. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)**	**"Хан"** Бұл ойында арнайы таңдалған бір асық "хан" деп аталады. Ойыншылардың мақсаты — алшадан асықтарды ата отырып, соңында "ханды" құлату. **(Адал азамат)** **Тақырыбы: «Өлеңді бірге аяқтайық» жаттығуы** **Мақсаты.** Сөздік қорды, ойлауды дамыту. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)**	**«Сандықтың ішіндегі не бар?»** Міндеті: Баланың ұлттық бұйымдарды танып, сөздік қорын дамыту. Ойын барысы: Кішкене сандыққа ұлттық бұйымдарды салып, оны ашып, бір бұйымды көрсетіңіз. Мысалы: "Бұл домбыра. Ол музыкалық аспап' деп түсіндіру. **(Адал азамат)** **Тақырыбы: «Көлеңке»** **Мақсаты.** Зейінді дамыту**. (Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)**
Таңертенгі жаттығу	**Таңертеңгі жаттығу кешені (құралмен)** 1. қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою. 2. Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). 3. Допты жоғарыдан (алға және артқа) бірбіріне беру. 4. Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бүгу және тік көтеру 5. Қолдарын айқастырып желкеге қою, қолды жазып, екі жаққа созу. 6. артқы жағынан қолды айқастырып көтеру; 7. қолды жоғары көтеріп, жан-жаққа бұрылу. гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет). 8. қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр). 9. аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); 10. аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту. **Дене тәрбиесі**				
Таңғы ас	Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану туралы түсініктерді кеңейту. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру				
Ұйымдастырылған ісәрекетке дайындық	**Д/о: "Керісінше"** <u>мақсаты</u>: балаларға табиғаттағы қарама-қайшылықтардың бар екендігін көрсету және табиғаттағы барлық нәрсе қайталанбас екенін ескеру.	**Д/о: "Өзімізбен бірге не алып жүреміз"** <u>мақсаты:</u> балалардың әртүрлі тіршілік ету ортасы туралы түсініктерін кеңейту. Ойын барысы:	**Д/о: "Табиғат табиғат емес"** <u>Мақсаты:</u> табиғи және табиғи емес объектілердегі айырмашылықтарды, сондай-ақ олардың	**Д/о: "Репортаж"** <u>мақсаты:</u> табиғатпен қарым-қатынастан өз қайшылықтарын ауызша білдіру арқылы балалардың пікірін дамыту (экскурсиядан кейін жүзеге асырылады).	**Д/о: "Көбелектер биі" пластикалық ойыны** <u>Мақсаты:</u> балалардың жәндіктер туралы білімдерін бекіту. <u>Материалдар мен жабдықтар:</u> Көбелектердің костюмдері

